

Сыбайлас жемқорлық күкүйін бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеге қағидаларын бекіту туралы  
Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы № 270 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 тамызда № 33350 болып тіркелді.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы З-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлық күкүйін бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеге қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Нормашығармашылық және халықаралық ынтымақтастық департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызмет)*

*Төрағасы*

**"КЕЛІСЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратуrasesы

*A. Жұмагали*

**"КЕЛІСЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

**"КЕЛІСЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг агенттігі

**"КЕЛІСЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрлігі

**"КЕЛІСЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Үлттық қауіпсіздік комитеті

**"КЕЛІСЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігінің  
(Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы қызмет) Төрағасы  
2023 жылғы 29 тамыздағы  
№ 270 бұйрығымен  
бекітілген

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелегу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелегу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 3-тармағына сәйкес өзірленді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелегу тәртібін айқындайды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарға, грамотамен марапаттау алғыс жариялау арқылы, біржолғы ақшалай сыйақы формасында жүзеге асырылатын көтермелегу белгіленеді.

Параның немесе келтірілген залалдың сомасы не ұсынылған женілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайтын немесе залал келтірілмеген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы мынаң мөлшерлерде белгіленеді:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;
- 2) онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;
- 3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;
- 4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;
- 5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Пара немесе келтірілген залал сомасы немесе ұсынылған женілдіктер немесе көрсетілген қызметтер құны бір мың АЕК асатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара немесе келтірілген залал немесе ұсынылған женілдіктер немесе көрсетілген қызметтер сомасының он пайызын құрайды, бірақ төрт мың АЕК-тен көп емес.

Көтермелегу мөлшерін айқындау кезінде осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген актілер күшіне енген күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

3. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 11 мамырдағы № 153 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32466 болып тіркелген) сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім (бұдан әрі – жария етпеу туралы келісім) жасалған адам, осы Қағидалардың 4-тармағының скінші бөлігінде көрсетілген адамды қоспағанда, біржолғы ақшалай сыйақы формасында көтермеленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамға біржолғы ақшалай сыйақы төлеуді жүзеге асыруға қатысатын үәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары осы адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткені туралы ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етеді.

4. Өздеріне мәлім болған, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жоғары тұрған басшының және (немесе) өздері жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының және (немесе) үәкілетті мемлекеттік органдардың назарына дереу жеткізу лауазымдық міндеттемелеріне жататын мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган (бұдан әрі – үәкілетті орган) грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау жолымен көтермелейді.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік қызметшімен жария етпеу туралы келісім жасалса, онда осы мемлекеттік қызметшіге көтермелегу шаралары қолданылмайды.

**5. Осы Қағидалардың ережелері:**

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінене жалған ақпаратты хабарлаған, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болатын адамға;
- 2) жедел-іздестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органмен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қупия негізде ынтымактасатын адамға;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, оның жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдем көрсеткен, ол бойынша орындаушы немесе сыбайлас қатысушы болып табылған адамға қолданылмайды.

6. Көтермеледі қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

**2-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеге тәртібі**

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдемдесуді қамтиды.

8. Көтермелеге, егер адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса не адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдемдесуі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауга, жолын кесуге, ашуға және тергеуге ықпал еткен болса және айыпты адамға қатысты:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы занды қүшіне енген;
- 2) айыптау үкімі занды қүшіне енген;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларының немесе 36-бабының негізінде, сottың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысы занды қүшіне енген, қылмыстық қудалау органының қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын прокурор бекіткен жағдайда жүзеге асырылады.

9. Егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамның ақпараты негізінде:

1) ауырлығы әртүрлі дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу олардың анағұрлым ауыры үшін осы Қағидалардың 2-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады;

2) ауырлығы бірдей дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу бір рет жүзеге асырылады.

10. Уәкілдегі орган және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағында көрсетілген органдар (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдар) көтермеленуге құқығы бар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарға көтермелеге етініш беру тәртібі туралы түсіндіреді.

11. Осы адам анықтауда, жолын кесуде, ашуда және тергеп-тексеруде жәрдем көрсеткен сыбайлас жемқорлық қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырған органға не оның фактісі туралы осы адам хабарлаған әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы іс қозғаған органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам көтермелеге үшін жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткені үшін көтермелеге етініш (бұдан әрі – етініш);

2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) түпнұсқада не цифрлық құжаттар сервисі арқылы;

3) көрсетілген адамның ұлттық валютадағы ағымдағы банктік шотының бар болуы және нөмірі туралы екінші деңгейдегі банктен анықтама.

12. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген адам (бұдан әрі – етініш беруші) жүгінген күннен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын орган уәкілдегі органға он жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды жібереді:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткені үшін адамды көтермелеге туралы етінішхат;

2) ақпаратты есепке алу кітабында, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде немесе Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімінде тіркеу нөмірі бар етініштің көшірмесі;

3) әкімшілік істер бойынша:

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау туралы қаулының көшірмесі;

әкімшілік жаза қолдану туралы сottың занды қүшіне енген қаулысының көшірмесі;

4) қылмыстық істер бойынша:

занды қүшіне енген айыптау үкімінің не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының бірінші бөлігі негізінде қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмесі;

5) етініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат) және етініш берушінің ұлттық валютадағы ағымдағы банктік шотының бар болуы және нөмірі туралы екінші деңгейдегі банктен анықтама.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын орган сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін

(көрсеткен) адамды грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау үшін, осы адамның өтінішін қоспағанда, осы Қағидалардың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті органға жібереді.

14. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 11, 12 немесе 13-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап, ұсынылған құжаттардың толықтығын әрі осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкестігін бес жұмыс күні ішінде тексереді.

Құжаттардың пакеті толық ұсынылмаган, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсеткен адам және (немесе) көтермелеген үшін қажетті ұсынылған материалдар, объектілер, деректер мен мәліметтер осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген мерзімде өтінішті не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның өтінішхатын қараудан негізді түрде бас тартады.

Осы Қағидалардың 11, 12 немесе 13-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қараудан бас тарту себептері жойылған жағдайда, өтініш беруші не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын орган осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта жүгінеді.

15. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсетін (көрсеткен) адамдарды көтермелеген арналған материалдарды қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) отырысына осы Қағидалардың 11, 12 немесе 13-тармақтарына сәйкес қажетті материалдар мен ұсынылған құжаттар өтініші не өтінішхаты келіп түскен сәттен бастап сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның сұрауымен он жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылады.

16. Комиссияның құрамын және оның ережесін уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

Комиссия уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің қызметкерлері қатарынан құрылады және кемінде бес адамнан тұруға тиіс.

17. Комиссия сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамды грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау арқылы, осы Қағидалардың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, біржолғы ақшалай сыйақы формасында көтермелеген туралы шешім қабылдайды не бас тарту себебін көрсете отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның өтінішхаты не өтініші келіп түскен сәттен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей бас тартады.

18. Уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің басшысы комиссия сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсеткен (көрсеткен) адамды көтермелеген туралы осы Қағидалардың 3-тармағының ережелерін ескере отырып шешім қабылдағаннан кейін, бір жұмыс күні ішінде адамға біржолғы ақшалай сыйақы, грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау үшін негіз болып табылатын көтермелеген туралы бұйрық шығарады.

19. Біржолғы ақшалай сыйақы төлеу уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі басшысының көтермелеген туралы бұйрығы шыққаннан кейін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамның ағымдағы банк шотына аудару жолымен, бір ай ішінде жүргізіледі.

Сыйбайлас жемқорлық құқық  
бұзушылық фактісі туралы  
хабарлаған немесе сыйбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимылға  
өзгеше түрде жәрдем көрсететін  
(көрсеткен) адамдарды  
көтермелеген қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

(уәкілетті мемлекеттік органның атавы)

**Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткені үшін көтермелеген  
ӨТІНІШ**

азамат (азаматша)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

тұган күні \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

жеке басты куәландыратын құжаттың түрі \_\_\_\_\_

құжаттың сериясы \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_ кім берген \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
тұрғылықты жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_  
облысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қаласы (ауданы) \_\_\_\_\_ ауылы  
көшесі (шағын аудан) \_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ пәтер \_\_\_\_\_  
Мен, \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың мәні)  
немесе \_\_\_\_\_  
(сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көрсетілген өзге де жәрдемнің мәні)  
туралы хабарлау мақсатында \_\_\_\_\_  
(уәкілетті мемлекеттік органның атауы)

жүгіндім.

Сыйбайлас жемқорлық қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру / әкімшілік сыйбайлас  
жемқорлық құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша

(қажеттінің астын сыйзу)  
мен ұсынған ақпарат расталды.

(сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жеке / занды тұлғаның деректері)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің \_\_\_\_\_ бабы \_\_\_\_\_ бөлігінің \_\_\_\_\_ тармағы  
бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылды / Қазақстан Республикасы  
Қылмыстық-процессік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) 12)  
тармақтарының немесе 36-баптың бірінші бөлігінің негізінде қылмыстық жауапкершіліктен  
босатылды / Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің  
\_\_\_\_\_ бабы \_\_\_\_\_ бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

(қажеттінің астын сыйзу)

Жоғарыда айтылғаның негізінде, қолданыстағы заңнамада белгіленген мөлшерде  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткенім үшін, маган біржолғы  
ақшалай сыйакы формасында көтермелеу тағайындауды және оны менің ағымдағы банктік  
шотыма аударуды сұраймын.

#### Отінішке қоса берілген құжаттар тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы паралтар саны

Ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың түпнұсқалығы үшін жауаптымын.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткенім үшін көтермелеу тағайындау және төлеу үшін  
қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндегеуге өз келісімді беремін.

Отініш берушінің байланыс деректері:

үй телефони \_\_\_\_\_ ұялы телефони \_\_\_\_\_ E-mail \_\_\_\_\_  
өтініш берген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Сыйбайлас жемқорлық құқық  
бұзушылық фактісі туралы  
хабарлаган немесе сыйбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимылға  
өзгеше түрде жәрдем көрсететін  
(көрсеткен) адамдарды  
көтермелеу қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

# Мемлекеттік органның елтаңбалық бланкісінде

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_\_

(сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қымыл жөніндегі уәкілетті  
органның немесе оның  
аумақтық бөлімшелері атаяу)

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымылға көрсеткен жәрдемі үшін адамды көтермелей туралы ӨТІНІШХАТ

іс-жүргізуінде

(уәкілетті мемлекеттік органның атаяу)

қатысты

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жеке /занды тұлғаның деректері)  
сыбайлас жемқорлық қылмысқа сотқа дейінгі тергеу / әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық  
бұзушылық туралы іс болды.

(қажеттіңің астын сыйзу)

Ақпаратты есепке алу кітабындағы нөмір \_\_\_\_\_, тіркелген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.  
Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің нөмірі \_\_\_\_\_, тіркелген  
күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.  
Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімінің нөмірі \_\_\_\_\_, басталған күні  
20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.  
Сыбайлас жемқорлық қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді/әкімшілік сыбайлас  
жемқорлық құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуі тіркеудің негізі

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қымылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін  
(көрсеткен) адамның тегі, аты, экесінің аты (бар болса))  
азаматтың (азаматшының) өтініші болып табылады.

туған күні "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жыл

жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжаттың түрі \_\_\_\_\_

құжаттың сериясы \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_ кім берді \_\_\_\_\_

берілген күні "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жыл.

Сыбайлас жемқорлық қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру/әкімшілік сыбайлас  
жемқорлық құқық бұзушылық туралы істі қарау барысында

(қажеттіңің астын сыйзу)

азамат (азаматша) \_\_\_\_\_ көрсетілді сыбайлас жемқорлық құқық  
бұзушылықты ашуға жәрдем көрсету, берілген ақпарат расталды.

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жеке /занды тұлғаның деректері)  
Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің \_\_\_\_\_ бабы \_\_\_\_\_ бөлігінің \_\_\_\_\_ тармағы  
бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылды / Қазақстан Республикасы Қылмыстық-  
процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) 12) тармақтарының немесе  
36-баптың бірінші бөлігінің негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылды / Қазақстан  
Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің \_\_\_\_\_ бабы \_\_\_\_\_ бөлігі  
бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

(қажеттіңің астын сыйзу)

Ескертпе: айыптау үкімінің, акталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату  
туралы қаулының, әкімшілік жауаптылықта тарту туралы қаулының занды күшіне енү  
туралы мәліметтер көрсетілсін.

Жоғарыда айтылғаның негізінде, колданыстағы заңнамада белгіленген мәлшерде  
біржолғы ақшалай сыйакы формасында / грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау  
жолымен көтермелей

(қажеттіңің астын сыйзу)

\_\_\_\_\_ азаматты (азаматшаны) тағайындау туралы мәселені сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеге арналған материалдарды қарau жөніндегі комиссияның қарau турали өтініш жасаймын.  
Біржолғы ақшалай сыйақыны азамат (азаматша) \_\_\_\_\_

(сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))  
ағымдағы банк шотына аударуды сұраймын.

**Коса беріліп отырган құжаттардың тізбесі:**

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы параптар саны

Басшы \_\_\_\_\_ тегі, аты-жөні  
(коло)  
өтінішхат берілген күні 20 \_\_\_\_ жыл "\_\_\_\_"